

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерде шағын кәсіпкерлікті қолдау және дамыту жөніндегі Консультативтік кеңестің VI мәжілісін өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 10 мамыр N 555

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерде шағын кәсіпкерлікті қолдау және дамыту жөніндегі Консультативтік кеңестің VI мәжілісін 1999 жылғы 24-26 мамырда Астана қаласында өткізсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігіне "1999 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 желтоқсандағы Заңында " Өкілдік шығыстар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен қосымшаға сәйкес қажетті қаражат бөлсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігіне жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер - Министрінің

міндетін атқарушы

Қ а з а қ с т а н
Ү к і м е т і н і н
1 0
N
қосымша

5 5 5

Р е с п у б л и к а с ы
ж ы л ғ ы
м а м ы р д а ғ ы
қ а у л ы с ы н а

**Қазақстан Республикасының Астана қаласында
(1999 жылғы 24-26 мамыр) Консультативтік кеңестің
мәжілісін өткізу жөніндегі
ШЫҒЫС сметасы**

(теңге)

Бап	Бірлігі	Саны	Ставкасы	Барлығы

Конференц-залды жалға алу	күндер	1	114000	114000	
Көлік шығыстары			45600		
Ресми қонақақысы	адам	40	3420	136800	
Таратылатын материалдарды көшіріп көбейту	көшірме	3500	14,25	49875	
	A4	(100x35)			
			346275		

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Омарбекова А.